

Көсембай негізгі мектебінің  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Л.М.Шүтеноваға 6 – сынып  
жетекшісі А.Н.Мырзағалиевадан  
2022 – 2023 оқу жылының  
қорытындысы бойынша  
жылдық қорытынды

талдау

2022 – 2023 оқу жылында 6 – сыныпты 4 оқушы аяқтады. Оның 3 – еуі ұл,  
1 – еуі қыз бала. Жалпы сыныпта көп балалы, аз қамтылған отбасы – 1. **Мақсаты:**  
Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен,  
нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық  
ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына  
және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің  
және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; діни  
құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-  
ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне;  
адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына  
адамгершілік сезім білдіру.

**Нәтижелілігі:**

Қоғамдағы өз орнын табуға талпыныс жасайтын, мәдениеттер мен көзқарастардың  
әр алуандығына құрметпен қарайтын;  
жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар, өмір бойы білім алуға, өз –  
өзін жетілдіруге дайын тұлға болуға дағдыланады.

**Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100%** денсаулығына  
байланысты сабақ жіберген, себепсіз сабақтан қалған оқушылар жоқ.

**Оқушылардың бос уақытты тиімді ұйымдастыруда үйірме жұмыстарына  
кластың барлық оқушылар тартылды:**

Жалпы оқушы саны:	«Ұлттық ойын» үйірмесі	«Жас тарихшылар» үйірмесі	«Тоғызқұмалақ» үйірмесі	«Теннис» үйірмесі
4	4	4	4	2

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін  
ұйымдастырудың 2022 – 2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік  
нұсқау хатты (Нұр-Сұлтан 2022) басшылыққа ала отырып  
6 - сыныптың 2022 – 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық  
жоспары жасалынды.

**-Тәрбие сағаттарына тәрбие бағыттарының қамтылуы.**

Бағыттар	Өтілген тәрбие сағаттары саны: 34
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	6
2.Рухани-адамгершілік тәрбие	5
3.Ұлттық тәрбие	7
4.Отбасы тәрбиесі	3
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	2
6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	4
7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	4

Өтілген тәрбие сағаттарының ішінде Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбие, Ұлттық тәрбие бағыты бойынша оқушыларға басым бағытта тәрбие сағаттары өткізілді.

Бұл бағыттағы сынып сағаттарының оң нәтижелері құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, Отан қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру, адамдарға риясыз қызмет етуіне ықпал етті.

Сынып оқушылары мектепшілік, аудандық деңгейде ұйымдастырылған оқу – тәрбиелік іс – шараларға белсенділікпен қатысты. Қысқаша тоқталып өтер болсақ:

5 – қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күніне орай гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Тіл – халық пен мәдениеттің жарық жұлдызы» атты жұмысқа белсене қатысып шығармашылық қабілетін көрсете білгені үшін мадақтамаға ие болды. 11 – қазан халықаралық қыздар күніне орай мектепшілік ұйымдастырылған онкүндік жұмыс барысында «Қазақ қызы осындай» шаш үлгісін жасау байқауынан Имағанбетова Кәусар 2 – орынды иеленді.

3 – 10 сынып оқушыларына арналған балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетінің ақын – жазушыларының шығармаларын терең зерттеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштікті қалыптастыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Республикалық балалар

оқулары байқауының аудандық кезеңінде Бөкенбай Бекарыс 1 - орынға ие болса, облыстық кезеңінде «Білімді оқырман» номинациясына ие болды.

25 – қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған «Мен Отанымның бақытты ұланымын» тақырыбындағы мектепшілік көркем сөз оқу байқауында Абдолов Есенкелді 1 – орынға, патриоттық әндер байқауына Имағанбетова Кәусар қатысып 3 – орынға ие болды. Мерекеге орай «Бірлігіміз жарасқан – Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде Бөкенбай Бекарыс – 2 орынға ие болса, Сисенов Бейбарыс мақтау қағазын иеленді.

«Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде Бөкенбай Бекарыс пен Сисенов Бейбарыс 1 – орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.

«Ұлттық салт – дәстүр және әдет – ғұрыптар: кеше, бүгін, ертең» сырттай шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде эссе байқауы бойынша Бөкенбай Бекарыс 2 - орынға, «Ата – салтын сақтайық» номинациясы – суреттер байқауы бойынша Абдолов Есенкелді 1 – орынға ие болды.

2022 жыл балалар жылына орай тоғызқұмалақтан өткен аудан біріншілігінде 2010 – 2011 ж. т ер балалар арасында Бөкенбай Бекарыс 3 – орынды иеленді.

«Құқықбұзушылықтың алдын – алу – басты міндет» онкүндігі аясында «Бала тәртібі – отбасы мен мектептің ажырамас бөлігі» тақырыбында аймақтық полиция инспекторы, мектеп психологының қатысуымен өткен мектепшілік жалпы ата – аналар жиналысына, мектеп психологының ұйымдастыруымен «Отбасындағы зорлық – зомбылықтың түрлері және алдын – алу» тақырыбындағы жұмысқа сыныбымыздың ата – анасы Тағаева Тілекші келіп қатысты. Онкүндік барысында сыныпта «Құқықбұзушылықтың зияны» тақырыбында сынып сағаты өтті. Онкүндік аясында «Менің 1 күнім» тақырыбында Имағанбетова Кәусар бейнеролик дайындады.


Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын – алу мақсатында «Біз бақытты өмірді таңдаймыз» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. 5 – 6 сынып оқушыларына арналған олимпиаданың аудандық кезеңінде Имағанбетова Кәусар орыс тілі пәні бойынша мақтау қағазына ие болды.

Мектебімізде өткен педагог – психологтардың аудандық семинарында 6 – сынып оқушылары «Сәмкесіз 1 күн» акциясына қатысты. Семинар барысында өткен «Менің әкем – ең жақсы адам» тақырыбындағы дөңгелек үстелге сыныбымыздағы Кәусардың әкесі Имағанбетов Ұзақбай келіп қатысты.

Мектепшілік ұйымдастырылған орыс тілі мен ағылшын тілі апталығы аясында өткен «Есімдер мерекесі», «Суретті әдебиет» тақырыбындағы жұмыстарға сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.

Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мерекеге орай 5 – 8 сынып ер балалары арасында өткен мектепшілік шахмат ойынында Абдоллов Есенкелді 1 – орынға ие болды

Мектеп тәлімгері, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, қосымша білім беру мамандарымен жоспарға сәйкес, білім бөлімінен келген қатынастар негізінде айлық, апталық, жылдық жұмыстар бірлесе жүргізілді. Атап айтар болсақ: Кітапханашы Б.Қалиеваның ұйымдастыруымен кітап көрмелері, READ X жобалары, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша әр дүйсенбі күні кітап оқу акциясы белгіленді, оқушылар түрлі әдеби көркем шығармалармен танысты



[https://www.instagram.com/p/CidDKY4ISVd/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CidDKY4ISVd/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/Ckp2ASZgcZE/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Ckp2ASZgcZE/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/Cno-o9iIoH4/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Cno-o9iIoH4/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/CrIIntdlwn4/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CrIIntdlwn4/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/Cr09GGClur/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Cr09GGClur/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/reel/CrchTPdoIWh/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/CrchTPdoIWh/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/CoZoEvIl990/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CoZoEvIl990/?utm_source=ig_web_copy_link)

Психолог Р.Қ.Шүтеновамен бірге психологиялық тренингтер, түсіндірме жұмыстары, кәсіби басқосулар болды. Сынып оқушылары, ата аналар белсене

катысты. Тәлімгер С.Тәждауовпен бірге эссе, көркемсөз байқаулары, студенттермен кездесу, танымдық сағаттар өткізілді. Әлеуметтік педагог М.Сисеновпен бірге қамқорлық акциялары, мектеп инспекторымен кездесулер, әкелермен өнеге сағаттары өткізілді.



[https://www.instagram.com/p/CcP8TewsP8p/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CcP8TewsP8p/?utm_source=ig_web_copy_link)



[https://www.instagram.com/p/CoZq4tIDJQ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CoZq4tIDJQ/?utm_source=ig_web_copy_link)



[https://www.instagram.com/p/CpSNVizoi5D/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CpSNVizoi5D/?utm_source=ig_web_copy_link)  
[https://www.instagram.com/p/CpSLKG1o TI/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CpSLKG1o TI/?utm_source=ig_web_copy_link)

Аталған мамандардың жоспарына сай жүргізілген жұмыстарға сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Ата аналарда тренинг жұмыстарына ұйымшылдықпен қатысты.

**АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:**

Ата-аналар мен қандай жұмыстар жүргізілді	Қандай тақырыптарда жиналыстар болды? Неше жиналыс өтілді? Ата-аналардың қатысымы?	Сыныбыңыздың ата-аналарының мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы. (қандай шара, фото, сілтеме болса)	«Ашық есік» күндеріне жыл бойы неше ата-ана келді? Қандай мақсатпен?
<p><b>«Анаға тағзым» мерекелік кездесулер</b></p>  <p><b>Әкелермен кездесулер</b></p>  <p><b>Айлық, апталық жұмыстарда мерекелік челленджерге белсене қатысты.</b></p> 	<p>Ата аналармен жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналар жиналысы отырыстарының хаттамалары жасалды. <b>Токсан сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізілді. Ата-аналардың қатысымы жақсы.</b></p> <p><b>1 отырыс «Мектепке жол»</b>  <b>2 отырыс «Мектеп, оқушы, ата – ана үштігі»</b>  <b>3 отырыс «21 – ғасырдағы ата – ана моделі»</b>  <b>4 отырыс «Ғаламтордың балаларға пайдасы мен зияны»</b>  <b>5 – отырыс «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»</b></p>	<p>ата-аналар мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысады.</p>  <p><b>Мерекелік аналармен сұхбат. Психолог жұмысында</b></p>  <p><b>Әкелермен кездесуде Абдолов Елемес белсене қатысып мақтау қағаздарымен марапатталды.</b></p>	<p>Сынып ата аналары «Ашық есік» күндері ашық сабақ, зерттеу сабақтарына және сыныптан тыс жұмыстарда келіп қатысты. Бірлестік мүшелері, пән мұғалімдерім ен бірлесе отырып зерттеу сабағында 3 ата ана үш зерттеу сабағына қатысып, балаларының сабақтағы белсенділігін бақылады.</p>

		 <p><b>Психологиялық тренинг жұмыстарында белсенділік көрсетті.</b></p>	
<p><b>Қорытынды:</b> Ата-аналармен жұмыстың жалпы мақсаты орындалды. Мектеп пен ата ана арасында тығыз байланыс болды. Алдағы жылы ата-анамен жұмысты жақсартуда әкелермен түрлі бағыттағы жұмысты жандандыру қажет.</p>			

Алдағы уақытта(алыс, жақын) класс ұжымында шиеленісуі мүмкін проблемалардың болжамы (прогноз) :

- сынып ұжымының бірлігіне себеп болған жалпы ұжымдық шығармашылық істерді анықтау.
- «оқушы-мұғалім», «мұғалім-ата-ана», «ата-ана - оқушы» арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру;
- Оқушылардың сапалы тәртібін, жағымды мінезін қалыптастыру, өзін қоршаған ортамен, социуммен әрекеттесуіне көмектесу.

**Қорытынды:**

*Осы оқу жылы қорытындысы бойынша қол жеткен оң нәтижелер.*

Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер, жеке, топпен және барлық ұжыммен атқарылған тәрбиелік шаралар оң нәтиже берді. Атқарылған жұмыстар кластағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүние танымының қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына және жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызып, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру,

мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиеленді.

**Нәтижесінде** : азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғарылады, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыды, отбасылық құндылықтарды бойға сіңірді, құқықтық санасы нығайып қалыптасты.

**Алдағы оқу жылында жақсарту керек тұстар.**

- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл Фарабидан қалған даналық сөзде «Адамға ең бірінші тәрбие берілу керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деп айтылғандай жас ұрпақтың бойына ең алдымен тәлім – тәрбиені сіңіру қажет. Әр баланың бойына ар-намыс пен туған жер, табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрі, ата-бабаларының ерлік істеріне сүйіспеншілік сезімдерін шәкірттердің бойына дарыта білуіміз керек. Ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін нақты да нәтижелі, сапалы да саналы жұмыстар атқару – біздің басты мұратымыз.